



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Астана қаласы

№ \_\_\_\_\_

город Астана

**«Математика, физика және информатика бойынша халықаралық  
Жәутіков олимпиадасын және Математика, физика және информатика  
бойынша олимпиада резервінің мұғалімдері мен жаттықтырушыларының  
халықаралық шығармашылық конкурсын (ИМРАСТ Olympiad)  
ұйымдастыру және өткізу жөніндегі кейбір мәселелер туралы»  
Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің  
2023 жылғы 31 қазандағы № 326 бұйрығына  
өзгерістер енгізу туралы**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Математика, физика және информатика бойынша халықаралық Жәутіков олимпиадасын және Математика, физика және информатика бойынша олимпиада резервінің мұғалімдері мен жаттықтырушыларының халықаралық шығармашылық конкурсын (ИМРАСТ Olympiad) ұйымдастыру және өткізу жөніндегі кейбір мәселелер туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 31 қазандағы № 326 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың 1-қосымшасымен бекітілген Математика, физика және информатика пәндері бойынша халықаралық Жәутіков олимпиадасын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарда:

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«1. Математика, физика, және информатика пәндері бойынша халықаралық Жәутіков олимпиадасы (бұдан әрі - Олимпиада) жыл сайын 1 сәуірге дейін «Республикалық физика-математика мектебі» (бұдан әрі - РФММ) коммерциялық емес акционерлік қоғамының базасында өткізіледі.»;

3-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«3. Олимпиаданың ұйымдастырушысы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрілігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы» мен РФММ болып табылады.»;

7-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«7. Командалар тізімін Математика, физика және информатика пәндері бойынша халықаралық Жәутіков олимпиадасын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитеті (бұдан әрі - ұйымдастыру комитеті) «Дарын» Республикалық ғылыми-практикалық орталығының келісімімен Олимпиаданы

өткізу жылының алдындағы жылдың 20 желтоқсанына дейін бекітеді және daryn.kz сайтында орналастырылады.

Олимпиадаға әр облыс пен республикалық маңызы бар Астана, Алматы, Шымкент қалаларынан бір құрама командадан қатысуға рұқсат етіледі.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымынан (бұдан әрі - НЗМ) – 3 командадан артық емес, РФММ – 4 командадан артық емес, «Білім-Инновация» Халықаралық қоғамдық қор лицейінен (бұдан әрі - БИЛ)– 6 командадан артық емес команда қатысады. НЗМ, РФММ, БИЛ білім алушылары облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардың басқа командаларының құрамында қатыса алмайды.

Қазақстан Республикасы құрама командасының мүшелері олимпиадаға автоматты түрде қатысуға жіберіледі.;

көрсетілген бұйрықтың 2-қосымшасымен бекітілген Математика, физика және информатика пәндері бойынша олимпиада резервінің мұғалімдері мен жаттықтырушыларының халықаралық шығармашылық конкурсын (IMPACT Olympiad) ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарда:

9-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«9. Конкурс жыл сайын 1 сәуірге дейін Астана қаласында өткізіледі.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Математика, физика және информатика пәндері бойынша Халықаралық Жәутіков олимпиадасын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы:

реттік нөмірі 3-жол жаңа редакцияда жазылсын:

«3. Астана қаласы білім басқармасының басшысы (келісім бойынша);»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Математика, физика және информатика пәндері бойынша олимпиада резервінің мұғалімдері мен жаттықтырушыларының халықаралық шығармашылық конкурсын ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы:

реттік нөмірі 3-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Алматы қаласының білім басқармасының басшысы (келісім бойынша);».

8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту бірінші вице-министріне (Н.В. Жумадильдаева) жүктелсін.

9. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының  
Оқу-ағарту министрі**

**Ғ. Бейсембаев**

**Согласовано**

09.12.2024 15:48 Еришева Сара Беккужевна

09.12.2024 15:59 Жумашев Каныбек Бекболатович

**Подписано**

09.12.2024 16:25 Бейсембаев Гани Бектаевич



Министерство просвещения Республики Казахстан - Кемалова А.А.